

ӘОЖ 1.(091)168

Д.С. Раев\*, А.Ж. Токмурзаева

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
\*E-mail: Eraev.d@ablaikhan.kz

### Батырлық – ұлттық рухани құндылық

Аталмыш мақалада ұлтымыздың көнеден келе жатқан, қазақтың қазақ болғанынан бері қарай қалыптасып, этностық санаға сіңген дәстүрлі ұғымы, ұлттық рухани құндылығы болып табылатын батырлық құбылысы жөнінде әңгіме қозғалады. Батырлықтың эпостық сарындағы қалыптасу динамикасы, оның себептері мен өзіндік ішкі ғылыми-логикасының мәнін ашуға қадам жасалады. Батырлық ұғымының әлеуметтік рөлі, қоғамдық статусы, идеологемдік мазмұны айқындалып, оның рухани-мәдени құндылықтық мәртебесі анықталады және тәрбиелік мазмұнын ашуға күш салынады.

**Түйін сөздер:** батырлық, ұлттық, рухани, құндылық, филогемдер, темпоцентризм, тұлға, тұлғалық бітім.

D.S. Raeyev, A.Sh. Tokmyrzaeva

### Heroism – national spiritual value

This article touches on the notion that emerged from the times of ancient Kazakhs and entrenched in the minds of our ethnic group, the concept has become one of the symbols of national spiritual values, touches on the notion of heroism (courage). Step is performed in order to study the dynamics of heroism in the direction of the epic, the disclosure of its internal scientific and logical sense. Determined by the social role of the concept of «heroism», his status in society, ideological sense, the status of spiritual and cultural values and taken efforts to disclose the educational role of the concept.

**Key words:** heroism, national, spiritual, values, filogemy, tempotsentrizm, personality, human world (personal world).

Д.С. Раев, А.Ж. Токмурзаева

### Героизм как национально-духовная ценность

Статья посвящена феномену героизма как результата культурно-исторического развития национального самосознания, его роли в формировании традиционных духовных ценностей. Была предпринята попытка научно-логического обоснования динамики формирования героизма. Раскрыты социальная роль, общественный статус и идеологемическое содержание понятия «героизм», его духовно-культурная суть и воспитательное значение.

**Ключевые слова:** героизм, национальные ценности, духовные ценности, филогемы, темпоцентризм, личность.

*Батырлық туралы көзқарастың эпостық сарыны және оның ішкі сыры.* Батырлық туралы айтқанда эпостық сарынға салып, қиял-ғажайыптағыдай «күн сайын өсіп, алты күнде күлген, алпыс күнде жүрген, алты жылда жігіт болған» батырдың құралайды көзге атқан мергендігі, аң аулап, құлан алғаны, күрескенін жыққан палуандығы ойға оралатыны мәлім. Батырлықты

эпостық жырларда сіздің айтқаныңыздай, интенсивті динамикада көрсетуінің өзінде терең мән жатқан сияқты. Оны, ең алдымен, қазақ даласындағы тарихи-саяси жағдай логикасымен түсіндіруге болатын сияқты. Саяси реализмнен туындаған, лингвистикалық шығармашылық рефлексия биігі, филогемдік тұғырнама деуге болады. Екіншіден, бұл тарихи кеңістік пен уа-

қыт талабының жылдамдығымен байланысты болған десек қалай болады. Демек, батырлыққа қажеттілікті айқындайтын жағымды тұрғыдағы «темпоцентризмді» көрсеткісі келген сияқты. Батырлық мәселесіне әлеуметтік философиялық тұрғыдан талдау жасауға қадам жасағандардың бірі италиандық философ Вико «батырлық» ұғымын адамзат дамуы тарихының белгілі бір кезеңін атау үшін қолданды, мысалы, «құдайлар дәуірінен» кейінгі болған және «адамдар дәуірінің» жалғасы болатын «батырлар дәуірін» немесе батырлық дәуірді атап көрсетеді [1]. Үшіншіден, бұл қазақ фольклорындағы парадокстік стильдің байлығын аңғартса керек. Жалпы қазақ көркем әдебиетіндегі парадокстік амал шығармашылық ойдың тереңдігін көрсетіп, сөз саптау стилистикасының символикалық шеберлікті білдірмек. Төртіншіден, қазақ батырының мергендігі мен палуандығы жалпы батырға тән тұлғалық бітімнің ерекше сапалық қасиетін айтқаны болар. Демек, батырлық – елдің қуаттылық әлеуетін көрсететін әлеуметтік-саяси өлшем. Сондықтан қазақ эпосындағы батырдың қалыптасу динамикасының ерекше сипатталуы саяси-әлеуметтік стратегия тұрғысындағы ұлттық идеология.

*Бүгінгінің түсінігіндегі батырлық туралы айтқанда нені ескерген жөн?* Батырлық – біздің халықтың рухани таным-түсінігімен біте қайнасып қалыптасқан ұғымдардың бірі. Әйтеке бидің сөзімен айтқанда батыр – «өмірім өзгенікі, өлімім ғана өзімдікі» дейтін қоғамшыл, отаншыл, мемлекетшіл тұлға. Батыр – елдің, қоғамның саяси әлеуетін білдіретін жиынтық образ, қоғамдық рұх. Ал батырлық – елдің қоғамдық санасы. Міне осыны келер ұрпаққа терең сіңіруіміз керек. Бүгін ақыл мен ой батырлығының заманы келуде. Қазақ даласындағы батыр қара күштің ғана иегері емес, терең ақылдылықтың иесі болған. Қазақ батырлықтан ақылдылықты тани білген. Бүгінгі батыр ұшқыр ойдың, батыл шешімнің, өткір мінездің эпицентрі болғанын қалар едік. Осыған байланысты кезінде әлемді бағындырған, өзінің батырлық дәстүрі мен жауынгерлік рухының күштілігімен тамсандырған көшпелілер ұрпақтары өздерінің батырлық рухы мен идеалынан жатсынып бара ма дейтін ой туады. Келешек ұрпақты халқымыздың жауынгерлік рухы мен ерлік тарихы негізінде тәрбиелеуіміз қажет. Сондықтан, бүгінгі таңда қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымында, мәдени-рухани жүйесінде өзіндік орны болған батырлардың рөлі мен қызметін қайта зер-

делеу, оны жас ұрпақ арасында дәріптеукезек күттірмес мәселе. Ол қазақ халқының ортодосальды құндылықтарын орнықтырудың, ұлттық тұлғаның өзіндік бірегейленуін іске асырудың бірден-бір жолы болмақ. Тарихтың діни тұрғыдағы белсенді бастамасы туралы қағиданы ескере отырып, Карлейль «батырлар культі» концепциясын жасады. XX ғасырдың орта шеніндегі әдебиеттерде батырлық «күшті» тұлғаның ерікті ісі ретінде қарастырған көзқарастар да болды. Мысалы, жапондық философ Китама батыр «әлемде ешқандай нәрсемен есептеспейді, керісінше әлем онымен жиі санасуға тура келеді», – деген тұжырым жасайды.

*Батырлықтың құны арзандады ма?* Біздің пікірімізше, батырлықты оңайлату батырлықтың болмысына сыймайтын нәрсе. Себебі, батырлық әр пенденің табиғатына беріле бермейтін жалқы дүние. Мысалы, ағылшын философы Карлейль өзінің «Батырлар және тарихтағы батырлық» деген еңбегінде батырлықты құдайдан болатын ерік-бостандықтың көрінісі болып табылатын жеке тұлғаның ұлы іс-әрекеті ретінде қарастырады. Батырлық – қоғамның тарихи дамуына, халық мүддесіне жауап беретін және адамнан ортақ мүддені іске асыруда белгілі бір өзін-өзі құрбан етуге дайын болуды талап ететін, қоғамдық мәнге ие болатын ерекше іс, мінез көрсету арқылы көрініс табатын моральдық сапаны білдіретін болмыстық саяси-әлеуметтік категория. Батырлық әрекет әркезде адамдағы жоғары моральдық қасиетпен және оның физикалық қабілетімен тығыз байланысты, адамның жеке басының ерекше ерлік қуатты, табандылықты, қайсарлық пен қажырлықты талап етеді. Мәселен, ницше үшін батыр идеалы – ол «жоғары адам», «ізгілік пен зұлымдықтан жоғары тұратын» [2] және қоғамдық нормалар мен ұстанымдарға бағынатын адам. Осыған байланысты батырлық мәселесін қарастыруда батырлықтың өлшемі, оның тарихи формалары, жеке тұлғаның тарихтағы рөлі туралы мәселелер туындайды.

*Қазақ тарихында «Батыр» атағын алған ержүрек, қайсар, өжет жандар аз емес. Ал тарихты жазу барысында батырлар өз деңгейінде жазылды ма?*

Қазақ қоғамында батырлық белгілі бір топтың өкілі ретінде адамға тән қаһармандық қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Батырлық – адамның әлеуметтік мұратына, қызметіне сай болатын өзіне ғана тән ұстанымымен, өмір салтымен, психологиялық жүйесімен,

наным-сеніммен, дәстүрімен ерекшеленетін феномен. Қазақ даласындағы батырлық түсінік жеке тұлға мүддесінің халық, туған ел, туған жер, отан, әлеумет мүддесімен байланысты көрініс табатын кешенді құбылыс болған. «...Ел шетіне жау келсе батыр мен биге күш» (Төле би) [3], «...Ер жігітке жарасар қолына алған найзасы», (Бұқар би) [3, 65 б.], – дегендердің мәнісі осында болар. Батырлық сана, ең алдымен, арнамыс, борыш, азаматтық, аманат, парыз және т.б. ұстанымдарға құрылатын, іске асырылатын әлеуметтік қызмет формасы. Батырлық мінез қазақ санасында әр кезде әлеумет мүддесіне негізделетін, қоғамдық сипат алатын мінез түрі. Көшпелілер дүниетанымында батыр адамның өмір салты, тіршілік дәстүрі халықтың өмір жағдайымен, дәуірлік уақыт пен кеңістікке тікелей байланысты қарастырылады. Ал қоғам тағдыры батырдың әлеуметтік тарихи рөліне тәуелді түрде қарастырылады. Батырларға жоғарыдағы ұстанымға сай өте жаупкершілік, адалдық, әділдік, тазалық, кісілік, шыншылдық, сөзге беріктік және т.б. сияқты ерен моральдық сапалар тән. Сол ұстанымдармен жүріп, сол моральдық сапалар көрініс табуы үшін олардың бойында ер жүректілік, бір сөзділік, табандылық, қайсарлық, жауынгерлік, қахармандық, уәдеде тұру, батылдық т.б. сияқты қасиеттер болуы шарт. Мысалы, «...Жетінші тілек тілеңіз, желкілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, сонан сасып тұрмасқа» (Бұқар би) [3, 63 б.], – деген тұста Бұқар би қазақ батырының қайсар мінезіне үміт артса, «...Әкелі бала жау жүрек, жиын болса барады, барса орын алады, бітірер сенің дауыңды, қайтарар сенің жауыңды, күнінде тастан өтер жебесі» [3, 63 б.], – дей келіп, Бұқар жырау қазақ батырының жаужүрек мінезін айта отырып, табандылықты, ер жүректілік қасиетті меңзеп тұрғандай болады. Енді бірде Бұқар би: «Өңкей батыр жиылып, Абылай салды жарлықты. Қалдан ханды қашырып, шеп салған жерін бұздырып, ұрысты қатты қыздырып, ...жәбірленген қалмаққа тырнағын қатты батырды» [3, 63 б.], – деген шешендік сипаттар арқылы дала батырының жауынгерлік мінезін сомдаса, «Қиядан қиқу төгілсе, аттың басын тартпаған, қисапсыз қол көрінсе қорқып жаудан қайтпаған, қазақ деген халқыңнан батыр шыққан даңқынан, қарсыласқан асылдар қорғасындай балқыған, батырың өтті Бөгембай» (Бұқар би) [3, 64 б.], – деп келетін шешендік толғамдар арқылы батырға тән батылдық пен қахармандық қарымды дәріптейді. «Кімнің батыр екенін жау келгенде білер-

сің» (Балпық би) [4], – дегеннің мән-мағынасы осында десек болады. Демек, жау – батырлық өлшемі іспеттес құбылыс. Жаумен шайқас майданы – батырлық мінездің көріну алаңы дегенге саяды. «Баданасын киіп ап, бар қайратын жиып ап, жасыл туын көтеріп, шашақты найза қолға алып, батыр жігіт жауға ойнар», – деген халық даналығы соның дәлелі. Осыдан «...Батыр болсаң жауға найзаң тисін; ...батыр болып жауға найзаң тимесе, елден ала бөтен үйің күйсін» (Әйтеке би) [5], «... Құлдық ұрсаң дұшпанға, еркек болып туды деп, мына сені кім айтар?», «Батырлықтан не пайда, халқына қайран қылмаса?» (Төле би) [3, 93 б.], – деген қоғамдық тапсырыспен сын-сынама сөздер де қалған. Батырлықтың тағы бір ерекше белгісі өлімге деген көзқарасының басқалардан өзгеше болуы. Сондықтан қазақта «ер өзі үшін туады, елі үшін өледі» ерекше түсінік болған. Осы бір түсініктің онтогенездік те табиғатының бар екендігін айтқан жөн. Демек әр азаматтың іс-қимылының, өмірінің қоғамдық-әлеуметтік болмысынан хабар береді. Сондықтан әр тұлғаның іс-әрекетінің әлеуметтік сипаты тұрақты құбылыс, әр ісінің халықтық, әлеуметтік маңыздылығы константтық жағдай әрі табиғи заңдылыққа айналады. Түйіндеп айтар болсақ, жеке адам өмірін қоғамның өмірінен бөліп қарауға болмайды дейтін қорытынды жасауға болады. Әйтеке бидің сөзімен айтқанда, «өмірім өзгенікі, өлімім ғана өзімдікі» деген соның кепілі. Бұл қазақы қоғамдық сананың тоғысар түйіні. Басқа сөзбен айтқанда, қазақы түсінікте батырдың ісі ортақ, өлімі ғана өзінікі болады. «Батыр ортақ, бақ жалқы», – деген қазақ мақалы соның дәлелі. Батырлық – әлеуметтік саяси қызметтің көрініс табуы. Ерлік пен батырлық – қоғамдық іс этосы. Олай болса, батырлық феномені қазақ азаматының ел-жұрты, отаны алдындағы қоғамдық жауапкершілігін білдіретін әлеуметтік-саяси сана формасы.

Ал «Бақ-дәулеті кернеген, он екі ата Жалайыр, аршынға қолын сермеген, батырлық, ерлік сонда бар, маңына дұшпан келмеген» (Ескелді би), – деген шешендік толғаудан «батырлық» құбылысының елдің қорғаныс шебі, қорғаныс қуаты, қоғамның өзін-өзі сақтауының саяси әлеуеті болатындығын аңғаруға болады. «... Батыр – қорған», – деген халық мақалының мәнісі сонда болар. Есей сіздің неңіз деген сұраққа Төле бидің: «Есей әрі батырым, әрі ақылым», – деп жауап беруі соның кепілі. Мысалы, қазақ батырларынан қалған сөз: «Ел шетіне жау тиіп, салып жатыр қиқуды, етігімен су кешер ер басы-

на күн туды...» (Жанақшешен) [6], – деген шешендік шиыры да содан хабар береді.

Есет би ХҮІІІ ғ. аяғы ХІХ ғ. басында сөзге шешен, топ бастаған батыр болғаны тарихтан белгілі. Ол өзінің шешендік толғауында батырлықты былайша сипаттайды: «Мен, мен едім, мен едім, қатарға салсаң қайыспас, қас қара нар мен едім, шабуыл салса шаршамас шыны тұлпар мен едім. Су шашырап, жел тимес, аударылмас қара кеме мен едім. Қарсыласып келгенде, қап түбінде сыймаған қара болат мен едім. Қияннан ұшқан қу ілген анық сұңқар мен едім. Тегеурінім теріс біткен, тепсем жілік сындырған, қыран бүркіт мен едім. ...Заманымда өзімнің еңсеріскен ер көрдім, белсеніскен бел көрдім. Жасанысқан жау көрдім, тізелескен дау көрдім. Үрікпедім, саспадым, бір өтірік болмасын, табаным тайып қашпадым» (Есет би) [7]. Демек, қазақтың «...Ақ найзасын кезеніп, батыр жігіт жауда ойнар», – деген мақалы содан қалған деп айта аламыз. Бұл келтірілген мысалдан «батырлық» адамдағы жігерлік, қайсарлық мінездің, рухани мықтылық пен тегеуріндік, табандылық пен өткірлік рухтың биіктігін көрсететін қасиет болатындығын аңғару қиын емес. Демек осы айтылғандар «батырлық» концептінің ішкі психологиялық интентиялық иірімдерін көрсететін эпистемалық жүйе деп айтуға болады. Осындай батырлық мінездің сипаттамасын: «...Мен жаралы арыстан. Жаулаппа жармай кете алман. Кекті болған жауыммен, кескілеспей біте алман. Қара бұлтты дауылмын, қар боратпай ашылман. Көзіме кердең кездесе, сазайын бермей басылман» (Жәнібек батыр-шешен), – деп келетін шешендік арнаудан да айқын көреміз. «Ел шетіне жау келсе, арыстандай айбарлы, батырлардың бары игі», – деген мақал содан қалған болар. Сонымен бірге, Едіге батыр-би туралы М.Ж. Көпеевтің: «Едіге деген ер екен, елдің қамын жер екен. Ел шетіне жау келсе, мен шығайын дер екен» [8], – деп келетін сараптамалық ойдан туындаған саяси оптимистік сипаттамасы батырдың өнер көрсетер тұсы, батырлықтың сыналар алаңы ұрыс майданы болатындығына меңзейді. Бұл келтірілген шешендік толғамдарда батырлық феноменіне қатысты қазақ би-шешендерінің әрі перцептуальды, әрі концептуальды көзқарастары байқалады. Міне, сондықтан болар Ноғайбай бидің: «Ақын деп Шөжені айт, шешен деп Бөлтірікті айт, батыр деп Сыпатайды айт», – деп айтуы. Дала өркениетіндегі батырды тану, батырды мойындау, батырды бағалау моделі осындай болмақ. Бұл – батырлық пен батырды

легитимдеу тұрғысындағы қоғамдық-саяси сана формасы. Қазақтың «батыр қол бастар, көсем жол бастар» деген мақал сөзі содан қалған болса керек. Ал осының өзі қазақтың дәстүрлі қоғамындағы саяси-патриоттық талдамалық ой-пікір қалыптастыру жүйесіндегі мәселені жүйелеу, әмбебаптандыру әдіснамасының ұлттық үлгісін байқаймыз.

Ал «Батыр жинап, ел шаппай, қылыш жинап, оқ атпай, ...қазақтың кегін алғаның» (Маңқан шешен Қазыбекқызы), – деп толғаған жоқтау жырынан батырлықтың көріну формасының тағы бір жолы мен тәсілін аңғаруға болады. Мұнда Қазыбек бидің шешендік тіл мен ұтқыр сөзді қару еткен рухани батырлығы сипатталды. Бұл орайда қазақтың дәстүрлі саяси мәдениетіндегі «батыр – ой», «батыр – сөз», «батыр – тіл» сияқты концептсферасын айтуға болады. Осыдан еліміздің ұлттық қоғамдық семантика жүйесінде «батыл ой», «сөз батырлығы», «өткір тіл» деген сияқты әлеуметтік-саяси константтар қалыптасқан. Осыған байланысты қазақ тілінің «батырлық рухы» туралы өзекті мәселе туындайтындығын айтқан жөн. «Батырдың сөзі мың теңгелік», – деген соның кепілі. Сондықтан «батыр туса – ел ырысы», «ер – ырыстың қорғаны», – деген халық мақалдарының әлеуметтік-саяси мәні сонда болса керек.

Мөңке би қалдырған:

Сұрасаң арғы атамды батыр Бөлек,  
Тірескен аспанменен бір бәйтерек.  
Ерегіс, екіталай іс болғанда,  
Талайлар паналаған көлеңкелеп

[4, 86 б.], – деген сөз бар. Мұндағы ой желісі ел қорғаны болу, ел намысын сақтау, халық алдындағы борышты өтеу, өз білімің мен күшіңді халық игілігіне жұмсау және оны орнымен қолдана білу, дос пен жауды дұрыс айыра білу, өз арың – халық ары теп білу дегенге саяды. Бұл ұстанымдар мен қағидалар бүгінде де төл әскери-патриоттық тәрбиенің негізі бола алады деп айтар едік.

Елдің, халықтың күш-қуаты, тәуелсіздігі кәсіби әскерилер – батырларға байланысты болғандықтан, батырларды дәріптеу, аруағына сыйыну, есімдерін елдің ұранына айналдыру, ұстаған заттарын кие тұту халықтық салтқа айналып, ұлттық санамыздың құрамдас бөлігі болып қалыптасты. Соның бірі – «Жолдасыңа жау тисе, жаныңды аяп тұрыспа» (Асан би), – дейтін қахармандық қоғамдық сана. Қазақтың

тарихы көнеден келе жатқан мәдениетінің көптеген түрлері – эпостар, тастағы жазулар мен суреттер, балбал тастар осы батырлар аруағына табынудан туған жәдігерлер. Француз халқының санасында рыцарьлық рухтың, жапондықтар санасында самурайлық рухтың көрініс тапқаны сияқты, батырлар қоғамдық топ ретінде жойылып кеткенмен батыршылдық рух та ұлттық қасиетіміздің бір сипаты болып қалды. Мамандығы ретінде әскери істі таңдаған қазақтың бүгінгі кәсіби әскерилері – қолбасшылары мен офицерлері де осы күні бар құрметке лайықты, олар да еліміздің қазіргі тәуелсіздігінің тірегі. Оның басты ұстанымы – «Хас батырда ұйқы жоқ...» (Майқы би) [9], – деп келетін перцепция. Бүгінде офицерлік құрамды ғана емес, бүкіл әскерді кәсібилендіру болашақта батыршылық рухты қайта жаңғыртары сөзсіз. Мысалы, ел жадындағы Едіге әрі батыр, әрі көсем, әрі ақылгөй дана болғаны белгілі. Сондықтан халық арасын-

да: «Едіге деген ер екен, елдің қамын жер екен», – деген жыр жолдары бар. Қаныш Сәтбаев «Ер Едіге» жинағына жазған алғы сөзінде: «Едіге қазақ батырларының ішіндегі ең маңдайлы, аруағы күшті, көсемі, сәулесі күшті шолпаны есебінде... Сыпыра жырау Едігені Шыңғыс, Әз Жәнібек, Ақназар сынды ерлерден де артық сипаттайды» [10], – деп ардақ тұтады. Олай болса, бүгінгі қазақ азаматы үшін оның өз тарихында үлгі боларлық тұлғалардың болғандығын ұмытпағанымыз жөн.

*Қорытынды.* Қазіргі жастарды батырлық пен қаһармандық рухта тәрбиелеу ел парызы, мемлекет межесі болғаны лазым. Сондықтан өнегелі батыршылдық жадының негізінде қалыптасатын мықты батырлық сана бүгінгі отансүйгіштік сезімнің тұғырнамасы деп айтуға негіз бар. Бүгінгі әр қазақ азаматы: «Отан үшін күрес – ерге тиген үлес», – деген ұлттық идеологемді естен шығармағаны жөн.

#### Әдебиеттер

- 1 Вико Дж. Основания новой науки об общей природе наций. – М., 1994. – 656 с.
- 2 Ницше Ф. К генеалогии морали. – М., 1990. Т. 1. – 530с.
- 3 Төрекұлов Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: «Қазақстан», 2006. – 592 б.
- 4 Төрекұлов Н. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.
- 5 Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 204 б.
- 6 Молдабеков Ж. Шешендік. – Алматы: Қарасай, 2009. – 432 б.
- 7 Адамбаев Б. Шешендік сөздер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 234 б.
- 8 Көпеев М.-Ж. Жұлдыз. – 1992. – №8. – 187-188 б.
- 9 Негимов С. Шешендік сөздер. – Алматы, 2001. – 288 б.
- 10 Сәтбаев Қ. Ер Едіге. – Алматы. 1927. – 246 б.

#### References

- 1 Viko Dzh. Osnovaniya novoi nauki ob obshei prirode nacji. – M., 1994. – 656 s.
- 2 Nicshe F. K genealogii morali. – M., 1990. – T. 1. – 530s.
- 3 Torekulov N. Dalany n dara dilmarlary. – Almaty: «Kazakstan», 2006. – 592 s.
- 4 Torekulov N. Kazaktyn bi-sheshenderi. – Almaty: Zhalyn, 1993. – 400s.
- 5 Adambayev B. Sheshendik oner. – Almaty: Gylym, 1999. – 204 s.
- 6 Moldabekov Zh. Sheshendik. – Almaty: Karasai, 2009. – 432 s.
- 7 Adambayev B. Sheshendik sozder. – Almaty: Gylym, 1995. – 234 s.
- 8 Kopeev. M.Zh. Zhuldyz. 1992. – №8. – 187-188 b.
- 9 Negimov S. Sheshendik sozder. – Almaty, 2001. – 288 b.
- 10 Satbaev K. Er Edyge. – Almaty, 1927. – 246 b.